

АКАДЕМИК ЖАМБЫЛ АҚЫЛБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА - 80 ЖЫЛ

Жәнібек ӘЛИМАН,
«Орталық Қазақстан»

Академик Ақылбаев әлемі Елбасы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВТЫҢ «Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни, одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады» деген сөзін еске салады. Екінші бірі біле бермес, бірақ сіз бен біз білуге тиіс тұлғаның бірі һәм бірегейі

- осы кісі. Өнегелі өмір жолы - сәнбес шырақ, өлмес мұратқа пара-пар. Бүгінгі басшылардың көбіне үлгі дерлік. Бойында білім мен күш-қуат тұрғанда, ел мен жерге қызмет еткеннен құл болып кеткен ешкім жоқ.

Ұл болсаң - ұлтыңа, құл болсаң - туған жұртыңа бол! Еткен еңбек, төккен терді ертең ұрпақ өзі-ақ елесті. Ғұмырын осындай мұрат жолына арнаған тарлан тұлғаның бірі - Жамбыл АҚЫЛБАЕВТЫҢ 80 жылдық мерейтойы Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде кең көлемде аталып өтті.

Тұлғаның 80 жылдығына арналған «Жылуэнергетикалық және қолданбалы жылу-физиканың өзекті мәселелері» тақырыбындағы республикалық ғылыми-тәжірибелік



Академик АҚЫЛБАЕВ:

ТҰЛҒА МЕН ТАҒЫЛЫМ

дамуының концепциясын жасадық» деп еске алады.

Міне, дәл осы экономикалық тоқырау басталған тұста Қазақстандағы екінші университетке академик Евней Бөкетов есімінің беріліп қана қоймай, оның мұражайының ашылғаны тікелей Жамбыл Ақылбаев еңбегімен байланысты. Ел тәуелсіздік алғанымен, экономикалық құлдырауда жатқанда жасаған батыл қадамдары мен іс-әрекеттері сол кездің өзінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бағдарламалық мақаласы «Рухани жаңғырумен» ұштасып жатты. «Осы жылы (1991ж.) мамыр айының басында менің жұмыс орныма Қамзабай Бөкетов келіп: «Жоғары лауазымды адамдарға университетке Евнейдің атын беру туралы қағаз жіберейін деп едім, соған қарсылығым жоқ деп қол қойып берші» деді. Осы мәселе жайында өзім де бір ойда жүргенмін, менен бұрын екі-үш рет көтерілгенін де, және Ебекевтің атын беру туралы кейінгі жіберілген ұсыныстың



**РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ**

конференцияның пленарлық отырысын Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоры Еркін Көбеевтің өзі жүргізіп, арасында баяндама жасады. Аталған университеттің алғашқы ректоры академик Евней Бекетовтен кейін оқу орнына ректорлық еткен (1991-2004ж.ж.) осы Жамбыл Сәулебекұлы ағамыз. Техника ғылымдарының докторы, профессор, Жоғары мектеп халықаралық академиясының, ҚР Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, «Парасат» орденінің иегері Жәкеннің ғибратты ғылым жолындағы ерен істері елдің алдында. Евней Бекетов негізін салып кеткен қарашанырақты құлдыратпай, қарыштатып дамыта білгенін айтып жатудың өзі артық болар. Ордалы оқу орны бүгінде Отанымыздағы алдыңғы қатарлы университеттердің бірі саналса, ірге тасын мықтап қалап, бақанын бекем орнатып кеткен бас-тапқыдағы басшыларының арқасы. Айтуға оңай тигенмен, атқаруы Апплатоның ақылын қажет ететін ауқымды іс. Есесіне, университет академик Бөкетов атында болса, қазір мұнда Жамбыл Ақылбаев өсімімен аталатын кеңейтілген аудитория мен инженерлік жылуфизика кафедрасы бар. Жамбыл Сәулебекұлы атындағы инженерлік жылуфизика кафедрасы. Жарықтық Жәкең салған ғылым жолының өміршеңдігін осыдан-ақ бағамдап, біліңіз. Бүгінге дейін бұл кафедрадан бірнеше ғылым докторлары мен кандидаттар шыққан. Жеке мектебін қалыптастырған ғалымның соңында қалдырған қолтаңбасы өшпейді деген сөз.

Қазаққа Жақсы Жанқұттыны берген Шет өңірінде дүниеге келген ғалымның құрметіне өткізілген республикалық конференцияда мерейтой иесінің ғылымда ашқан жаңалықтары ғана көрсетілген жоқ. Тұлғалық қыры, қайраткерлігі мен кісілік келбеті, адамгершілік асыл қасиеттеріне тоқталғандар да аз болмады. Ғалымның ұрпақтары мен аталас туғандары өз алдына, қарағандылық оқымысты профессорлардың біразы ғылыми баяндамалар жасап, тұлғаны әр қырынан танытты. Физиканың қазіргі мәселелері, қолданбалы жылуфизикасы, жылуэнергетика және өнеркәсіптік экология мәселелері біршама талқыланды.

ҚР Білім және ғылым вице-министрі Асхат Аймағамбетовтың құттықтау хатын ҚарМУ-дың ғылыми жұмыс жөніндегі ректоры, техника ғылымдарының докторы,

профессор Қылыш Омаров оқып берді. Конференцияға Алматыдан ат арытып, арнайы келгендер де бар. Соның бірі - әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жылуфизикасы және техникалық физикасы кафедрасының профессоры Ақылбек Тұрмұхамбетов: «Жамбыл Ақылбаевтың ғылымда ашқан жаңалығы - ағымдағы денелердің кедергісі мен жылу алмасуы. Нақтылай түскенде, ондай есептер қолданысы кез келген салада, қозғалыс бар жерде орын алады. Оның ішінде транспорте, тіпті, авиацияда, ғарыштық техникада кездесе береді. Бұл кісі Қарағанды мемлекеттік университетінде бірінші болып, шаруашылық келісім-шарттар дегенді қолданды. Яғни, сол кездегі қаржы тапшылығына қарамастан, физиктер шахтада, жалпы өндіріспен келісім-шартқа отырып, бір жағынан ғылыми жұмыс істеп, екінші жағынан өндіріске қажетті нәтижелер алса, үшінші жағынан оқу процесіне қаражат көзін тапты. Екінші істеген үлкен жұмысы, физика факультетіндегі ең қажетті деген орыс тіліндегі оқулықтарды қазақ тіліне аударуға күш салды. Үлкен бағдарлама жасап, жалпы физика курстарын қазақ тіліне аударып, баспаға беріп, жарыққа шығарды. Бәрі емес, әрине. Физика саласында әдебиеттер әлі де болса орысша ғой. Дегенмен, жалпы физика саласында бірнеше оқулықтар осы Жәкеннің кезінде қазақ тіліне аударылды. Бұл - үлкен бетбұрыс еді», - дейді.

Пленарлық мәжілісте баяндама жасаған физика ғылымдарының докторы, профессор, «Ғасыр адамы» Темірғали Көкетайтегі: «Ғалымға құрмет дегеніміз - оның ашқан жаңалығы мен жасап кеткен еңбектерін әрі қарай жалғастыра отырып, дамыту. Жамбыл Ақылбаев белгілі бір деңгейде жақсы зерттеліп жатыр. Әлі де зерттеледі ғой деп ойлаймын. Бұл кісінің еңбектеріне халықаралық оқымыстылар да сілтеме жасады. Ғалым ретінде жылуфизикасы деген ғылымға әжептәуір үлес қосты. Жұмыста өте қатал әрі ұқыпты еді. Бірақ, жай жүргенде ондай қатал емес. Сондай-ақ, университеттің көркеюіне, дамуына біраз қызмет жасады» деп ағынан жарылды. Ал, академик Жамбыл Ақылбаевтің туысы, білім саласының үздігі Марал Сәулебекова ағасының адамгершілігі мен қамқор көңілі жайында тебірене сөйледі.

Мәжілістің жалпы отырысынан кейін конференцияға қатысушылар тақырып бойынша төрт тарапқа бөлінді. Онда әр тарап «Ғалым, ағартушы, қоғам қайраткері, профессор Жамбыл Ақылбаев», «Жоғары білікті мамандарды даярлау үшін инновациялық педагогикалық технологиялар», «Физиканың қазіргі мәселелері» және «Қолданбалы жылуфизикасы, жылуэнергетика және өнеркәсіптік экология мәселелері» тақырыптары аясында тоқайласты.

Алғаш еңбек жолын Қарағанды педагогикалық институтында оқытушылықтан бастаған Жамбыл Ақылбаевқа біз тек техника ғылымдарының докторы, ғалым, Қазақстан білім саласының жоғары оқу орындарында ректорлық қызметтер атқарған жоғары лауазым иесі, мансап тұрғысынан қарасақ, қателесеміз. Физика саласында үлкен жрналық ашқан ғалым, білікті басшы ғана емес, сонымен қатар, Жамбыл Сәулебекұлы лауазымды қызметтер атқара жүріп, халқына қалтқысыз қызмет еткен қайраткер тұлға да. Әсіресе, оның қайраткерлік қырының ашыла түсуі Қарағанды мемлекеттік университетінде ректорлық қызмет қылған жылдармен тұспа-тұс келеді.

Тәуелсіздік таңы атқаны республика тарихына алтын әріптермен жазылар ұлы оқиға болғанымен, нарықтық экономиканың қатаң талаптары, ұзақ жылдар бойы қалыптасқан экономикалық, шаруашылық байланыстардың үзілуі, жаңа сипаттағы қоғамдық-әлеуметтік, саяси-рухани жағдайлардың ішкі механизмдерінің қалыптаса қоймауы республика үшін аса ауқымды қиындықтар тудырып, тығырыққа тірегені баршаға мәлім. Осындай түйткілдер жоғары оқу орындарын да түрлі ауыртпалықтарға ұрындырды. Соған қарамастан, оқу орнын құлдыратпай, керісінше, жетілдіру жұмыстарын қолға алған ректор сол жылдарды: «Қарағандыға келген жылғы қиындықтар барлық халықтың басына түскен түсініксіздіктермен біте қайнасқан кезең болды. Міне, осы тұста университет ұжымын шашыратып алмай, негізгі мақсатымыз' жолында аянбай еңбек етуге адамдарды ұйымдастыра білу қажет болды. Сондықтан, 1992 жылдың соңы мен 1993 жылдың басында ҚарМУ-дың жаңа әлеуметтік-саяси және экономикалық жағдайда

қайтарылып алынғанын да естігем. Мен Қамзекеңе тек ректордың қолы емес, одан гөрі күрделірек Ғылыми кеңестің келісімін шығарсақ жақсы болар еді деп, асығыстық жасамай жауапты шешім алуға көндірдім. Қаншама бастық болғанымен, бір адамның келісімінен гөрі ұжымның шешімі өтімді болар. Ғылыми кеңеске осы мәселені кезектен тыс күн тәртібіне енгіздім. Көп кешікпей Қазақстан Үкіметінің Қарағанды мемлекеттік университетіне академик Евней Бөкетовтің аты берілуі туралы қаулысы шықты. Осы жерде айта кетейін, 1992 жылы ҚарМУ-дың ашылғанына 20 жыл толуына байланысты Е.Бөкетовтің мұражайын ашу туралы ойланып жүргенімде, тағы да Қамзабай Арыстанұлы келіп, мұражай туралы сөз қозғады. Бес ай мұғдарында мұражай да ашылды».

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің заманауи тұрғыда қалыптасып, алдыңғы қатарлы оқу орындары санатына енуі жолында академик Ақылбаевтың еңбегі ұшан-теңіз. Студенттердің денсаулығына қолайлы жағдай туғызу мақсатында профилакторий-санаторий ашылып, баспанасыз оқытушыларға уақытша пәтерлер ұсынылып, «Университет кафесі» іске қосылғанын айтпағанның өзінде, әріптестері - Т.Әбдіразақов, Е.Смаилов, М.Хамзиндердің керсетуінше, ол ректор болған кезде оқу орнының жұмысы кең арна тапқан.

Алғашқыда факультеттер саны - 8 болатын, Жамбыл Сәулебекұлы тұсында олар: 15-ке жетті; мамандықтар саны - 15 болса олар 90-ға жеткен; бұрынғы мерзімде ғылым докторлары 15 болса, олар 65-ке жетті; ал ғылым кандидаттарының саны 196-дан 345-ке жетті. Бұрын оқу корпусы 5-еу болса олар - 12; Университет кітапханасындап кітап қор 1,5 миллионға жетті, сондай-ақ, қс сымша ашылған 4 оқу залын, кітап қорының электронды каталогы қамтитын 200 мыңдай көлемдегі еңбектерді атау қажет. Академик Ақылбаев университетті өсірді, ал, киелі оқу орны - ҚарМУ Ақылбаевты өсірді. Екі ұғым өзара бірігіп, өзара кірігіп кеткендей әсер қалдырады. Ол Е.Бөкетовтей ұлы ұстаздың лайықты ізбасары бола алады. Ұлы ұстаз есімінің университетке берілуі де Жамбыл Сәулебекұлының еңбегін өзгеге паш етіп тұр» дейді замандастары.